



**Студенттердің өзіндік және ғылыми-
зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен
басқарудағы оқытушы шеберлігі.**

Орындаған: Мурзалинова Нұрбақыт
Сәтимова Айнұр

Педагог-психологтың өзін-өзі тәрбиелеу кәсіби шеберлікті қалыптастырудың құралы ретінде. Педагог-психологтың өз бетінше кәсіптік білім жетілдіруі. Педагогикалық іс- әрекеттің компонентті педагог- психологтың өз мәдениетін көтеруі. Педагог- психологтың сана-сезімі және педагогтік рефлексия.



? Педагог шығармашылығы педагог шеберлігін дамыту факторы. Педагог шығармашылығының құрылымдық компоненттері. Педагог қызметінің әр деңгейіндегі педагог шығармашылығы. Болашақ педагог-психологтың кәсіптік өзін-өзі тәрбиелеу . Студенттердің өзін тәрбиелеуінің мақсаты мен міндеттері, оның қозғаушы күштері. Өзін-өзі тәрбиелеудің құралдары мен әдістері. Студенттер мен педагог-психологтардың өзін-өзі тәрбиелеу арасындағы өзара байланысы.



? Педагогикалық әрекет бірнеше әрекеттер жүйесін құрайды. Оның ең бастысы – оқытуды тікелей ұйымдастырушы оқытушы әрекеті. Оқу – бұл оқушы мен оқытушының белсенді түрде өзара әрекеттесуі. Нәтижесінде оқушының бойында өзінің белсенділігіне сәйкес белгілі бір білім мен іскерлік қалыптасады. Педагог оқушының белсенділігін тудыратын жағдай жасап, оны бағыттайды, бақылайды, оған қажетті құралдармен, ақпарат көздерімен қамтамасыз етеді



Оқу үрдісін басқару – бұл оқытудың берілген мақсатына қол жеткізу үшін оқытушының студенттер ұжымына немесе жеке студентке мақсатты, жүйелі түрде ықпал етуі.

Басқарудағы оқытушының міндеті – басқарылатын процестің күйін өзгертіп отыру, оны белгіленген деңгейге дейін жеткізу, дамыту.



Сабақтың тиімділігі оқушылардың танымдық әрекетін және ақыл-ойын дамыту процесін басқарудың рационалды жолдарын қолданумен қамтамасыз етіледі. Оқу үрдісінде танымдық әрекетті басқару көптеген факторларға тәуелді. Соның бірі – оқытушының өз сабағына, пәніне оқушыларды қызықтыра білу іскерлігі. Себебі қызығушылық психикалық процестердің барлығына: қабылдауға, есте сақтауға, назар аударуға, ойдлауға, ерікке жағымды әсер етеді.



**Кәсіптік өзін-өзі анықтау кезеңі
жоғары мектеп жасына келеді. Оның
бірнеше кезеңі бар:**



• *мамандықты алғашқы таңдау. Бұл кезең мамандық жайында жалпы түсінік, кәсіби таңдаудың тұрақсыздығымен сипатталады. Бұл кезең кіші мектеп жасына, кейде жасөспірімдік шаққа тән.*

• *кәсіптік анықталу (жоғары мектеп жасы). Бұл кезеңде кәсіби бағытталу туындап, қалыптасады.*

• *кәсіптік оқу. Мектеп бітірген соң алынатын мамандықты игеру процесі.*

• *кәсіптік бейімделу – іс-әрекеттің жеке стилін жасау және әлеуметтік, өндірістік қарым-қатынастарға араласумен сипатталады.*

• *еңбекте өзін-өзі жүзеге асыру.*



Педагогикада тәрбиеші шеберлігі тұтас жүйе ретінде технологиялық, әлеуметтік-психологиялық және этикалық компонентерден құралған.

Технологиялық компонент – бұл формальды және шығармашылық жұмыстар жүйесі.

